

СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Айгерім Хамидулла қызы Тулевбердиева

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Гуманитар пәндер факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының студенті

Ғылыми жетекшілер:

Өсербай Алимханович Байкабилов

Гулжан Азизбековна Анарбекова

Аннотация: Сөз тіркесіне және сөйлемге тірек болатын — сөз. Негізінде, сөз дараланған ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді. Қарым-қатынас жасау үшін ойды басқа біреуге жеткізудің негізгі формасы — сөйлем болатын болса; сөз — сөйлем құраудың материалы, ой құраудың арқауы.

Кілтті сөздер: синтаксистік топ, екі сыңар, сөз тіркесін құрау.

Annotation: A word that supports phrases and sentences. Basically, a word means an individual concept, a lexical-grammatical meaning. The main form of communication is a sentence; word is the material of sentence formation, the basis of thought formation.

Key words: syntactic group, couplets, phrase formation.

Кез келген сөз бір-бірімен тіркесе алмайды. Сөздердің өзара тіркесу қабілеті олардың ең басты мағыналық-грамматикалық ерекшелігінің бірінен саналады.

Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп танудың басты белгілері мыналар:

1. Сөз тіркесінің құрамында толық мағынасы бар кемінде екі сөз болады;
2. Сөз тіркесінің құрамындағы сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің өзара әрі тұлғалық жағынан, әрі мағыналық жағынан байланысуын сөз тіркесі деп атайды.

Сөйлем ішіндегі сөздер бір-бірімен түрліше байланысып отырады. Соған қарай сөз тіркесінің түрлері де көп. Мысалы: Жаздың көркі енеді жыл құсымен, Жайрандасып жас күлер құрбысымен (Абай) деген сөйлемде мынандай сөз тіркестері бар: жаздың көркі, жыл құсымен енеді, жайрандасып күлер, құрбысымен жайрандасып. Осылардың бәрі — сөйлемнің модельдері, ал сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары — сөз тіркестерінің аса қажетті бөлшектері — оларсыз сөз тіркестері құрылмайтын модельдер деп есептеледі. Басыңқы сыңарлары сөз тіркестерінің мағыналық тіректері, діңгекті таянышы болғанмен,

сөз тіркесін құрауда бағыныңқы сынарлардың синтаксистік қызметі ерекше деп танылады.

Сөздердің тіркесуі екі түрлі болады: бірі — тұрақты сөз тіркесі, екіншісі — еркін сөз тіркесі. Идиомалық, фразалық тіркестер еркін сөз тіркесіне емес, тұрақты сөз тіркестеріне жатады.

Неше сөзден тұрса да, еркін сөз тіркесі екі сыңардан тұрады. Бір сыңардың қызметін жеке сөз атқаруы да (жаздың, жыл) бірнеше сөз атқаруы да (жайраңдасып күлер, құрбысымен жайраңдасып, жыл құсымен енуі мүмкін.

Осыған байланысты сөз тіркестері құрамына қарай: жай сөз тіркесі және күрделі сөз тіркесі балып екі түрге бөлінеді.

Құрамы екі сөзден тұратын сөз тіркесін жай сөз тіркесі деп атайды. Мысалы: ақылды жігіт, кең дала, мазмұнды әңгіме т. б.

Құрамы үш не одан көп сөзден тұратын сөз тіркесін күрделі сөз тіркесі деп атайды. Мысалы: он шақты кітап, тақтаға жақындай түсу. Алматы қаласында тұру, ойда жоқта кез болу т. б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қордабаев Т.Р. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. Алматы, 1966, 13-6.
2. П.Қордабаев Т.Р. Қазақ жазба тілінің синтаксисі, Алматы, 1966, 46-47-6.
3. Балақаев М, Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис, 1962, 43-6.
4. Балақаев М.Б. основные типы словосочетания в казахском языке
Алма-Ата, 1957 стр.19.